


Тельман
ЖАНҰЗАҚОВ

АЛТЫҢ
ПЫШАҚ



Тельман ЖАНҰЗАҚОВ



«Ана тілі»
ЖШС



THE UNIVERSITY OF
MICHIGAN

**Тельман
ЖАНҒУЗАҚОВ**

АЛТЫҢ ПЫШАҚ

Әңгімелер
Очерктер
Мақалалар
Күнделік



Алматы
«Ана тілі»
ЖШС
2005

ББК 84 Қаз 7
Ж 26

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
*Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша
шығарылды*

Құрастырған:
Баққожа Мұқай,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Ж 26 Жанұзақов Тельман.
“Алтын пышақ”. (Әңгімелер, очерктер, мақалалар,
күнделік). — Алматы: “Ана тілі” баспасы, ЖШС, 2005. — 272 бет.

ISBN 9965—670—28—5

Белгілі журналист, танымал аудармашы Тельман Жанұзақовтың қаламынан туған очерктер мен мақалалар, әңгімелер мен этюдтер уақыттың тынысы мен тағылымына толы десе де болады.

Жинаққа сондай-ақ бұрын жарияланбаған қызықты да көңілге түйері мол “Күнделігі” беріліп отыр.

Ж $\frac{4702250204}{415 (05) - 05}$ — 05

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965—670—28—5

© Жанұзақов Т., 2005

© “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Дос туралы, оның туындысы туралы сөз сол достың көзінің тірісінде айтылса ғой. Бірақ, біз оның алдында әлі талай өмір бар, өмір атты ұзын жолда бір-бірімізден адаса қоймаспыз, жақсы сөз айтыла жатар деп асықпаппыз.

Тельман Жанұзақов дүниеден қыршын кетті. Ол менен бірер жас кіші тетелес інідей еді. Мен университетті бітіріп келгенде ол әлі оқып жүрген болатын. Бірақ, “Лениншіл жас” газетіне қызметке бір мезгілде қабылдандық. Аса талантты журналист жігіт қолына диплом алмай жатып-ақ белді қызметкердің бірі болды.

Жастар газетінде жауапты жұмыстың қым-қиғаш қиыншылығын қайыспай көтере жүріп, ол республика тынысынан көкейкесті проблемалы мақалалар, орнекті көркем очерктер жазуға уақыт таба білді.

Дімкәс болғанына қарамастан ұзақ жолға шығып, Брест қаласын қорғауға қатысқан қазақстандық қаһармандар туралы көп материал жинап, қаһармандық очерктерін газеттің бірнеше номеріне жариялап, онысы жұртшылықтан жақсы баға алғаны әлі есімізде. Бір ғана деталь: Тельман Брест қаһармандары туралы очерктер ғана жазып қоймады, сол очерктің негізгі кейіпкері Нұрым Сыдықов деген кісі соғыстан соң үйлі-жайлы болып, Белоруссияда қалып қойған екен. Тельман сол азаматтың Қазақстанға оралуына, Алматыдан үй алуына, қызметке орналасуына зор мән беріп көмектесті.

Теміртаудағы Қазақстан Магниткасының ірге тасы қалана бастаған кезде республика комсомолы Орталық Комитетінің шақыруымен жүздеген қазақ жігіттері Оралдың металлургия заводтарына оқуға аттанды. Тельман журналистердің арасынан бірінші болып, “Лениншіл жас” және “Ленинская смена” газеттерінің арнайы командировкасымен солардың ізімен барып, болашақ қазақ металлургтері туралы орыс және қазақ тілдерінде әдемі очерктер жазды. Біз, достары, оның екі тілде бірдей жаза білетін өнеріне сүйсінетінбіз, қызығатынбыз.

Біз, үзеңгілес жолдастары, Тельманның жан тазалығына әманда турашылдығына, еңбекқорлығына тәнті болатынбыз. Өзгеге жарық түсіру үшін өзін-өзі жандырып жібергісі келіп тұратын. Сірә, солай болды да. Жүрекке жасалған қатерлі операциядан кейін де ол “Правда” газетінің Қазақстан бойынша меншікті тілшісі, республикалық “Ара - Шмель” журналының бас редакторы, “Қазақфильм” киностудиясы директорының орынбасары, Қазақстан Кинематографистер одағы басқармасының екінші секретары секілді қызметтерде жүріп, сан-салалы жұмыстар атқарды.

Тельман тек публицистика, көркем очерк саласында ғана қалам тартқан журналист емес, майталмен аудармашы да еді. Оның әлем әдебиетінің классиктері мен қатар өзі тұрғылас жазушылардың роман, повестерін ана тілімізге аударғанын көпшілік жақсы біледі. Сонымен бірге көркем әңгіме де жазушы еді, бірақ оларын жариялай бермейтін. Сөз қадырын қасиет тұтудың бір үлгісі осы болар. Біз, достары оның осындай қасиеттерін жоғары бағалаушы едік. Тельман шын мәніндегі азамат еді.

Құрметті оқырман! Сол азамат сіздермен өзінің кітабы арқылы бетпе-бет кездесіп отыр. Оның жүзі жарқын, айтқандары ақиқат. Тельманның сіздерге тартар сыйы, соңына қалдырған мұрасы осы кітап.

*Шерхан МҰРТАЗАЕВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты*

МҮЗ ҚҰРСАУДА¹

Моторлы балық аулау станциялары мен колхоз істері жөніндегі Гурьев² облыстық басқармасының бастығы Жазықбаевтың кабинетіне радист қыз жүгіре басып, тым асығыс кірді. Ауызғы бөлмеде отырғандарға сәлем де берместен, тақтай еденді тасырлатып, күйындай ұйтқып өте шықты. Аңқиған ауыздар, аңырған жүздер, ынтызар көздер — бәрі де бастық кабинетінің есігіне ауып, соны телміре бағып қалған.

Радист қыз, асылында, өте қарбалас хабар әкелген тәрізді. Жазықбаевты бүгін бірінші рет көріп тұрғанымен, оған да амандаспады.

— Міне, жаңа ғана алдым! Апат туралы хабар! — Қолындағы бір жапырақ қағазды стол үстіне тастай берді.

Әншейінде есіктен басын ғана сұғып: “Рүқсат па?” деп әдеп сақтап тұратын ұяң мінезді, сабырлы қыздың осыншама дегбірсізденген түріне таңырқай қарап отырған Жазықбаев “Апат!” деген соңғы сөзді естігенде, жайлы креслосынан егде адамға тән емес ширақ қимылмен атып тұрды да, жаңағы қағазды қос қолдап ұстай алып, тез-тез оқи бастады.

“Апаттық радиограмма нкт Жазықбаевқа үтр Ақмаевқа үтр Трускинге үтр Лесинге үтр Моховиковқа нкт “Отважный” теплоходы тесілді нкт ығып жүрміз нкт Новинск ауданында батыстан шығысқа қарай ығып келеміз нкт Бортымызда 20 балықшы бар үтр суды қолмен төгеміз нкт Дереву көмек берулеріңізді сұраймын нкт Черкасов”.

Туламай тыныш жататын, “жуас” теңіз болмайды. Олардың бәрі де сәттен-сәтке ашу шақырып, таудай толқындарын тулатып, дауылдатып тұрады.

Осы жағынан алып қарағанда, кәрі Каспий нағыз көкжалдың өзі деседі байырғы балықшылар. Өмірлерін талайдан бері теңіз үстінде өткізіп келе жатқан сол адамдардың ай-

¹ Оқушыға ескертерім: бұл очерк марқұм Жүсіп Жұмахановпен бірігіп жазылған. *Автор.*

² Кітаптағы жер-су, шаруашылық аттары жазылған кездегі қалпында сақталынды.

туынша, Каспийдегі дауылды күндердің саны орта есеппен алғанда жылына үш жүзден асатын көрінеді.

Каспийдің “тым тынышсыз теңіз” атануының тағы да бір себебі — ондағы толқындардың белгісі бір бағытта емес, қалай болса солай бей-берекет толқынданатындығында деседі. Мысалға, толқындары бір бағытта жүретін басқа теңіздерде кемеңің түмсығын желге қарсы қойса, теңселу де, шайқалу да азайып, теңізшілерді қатты қалжыратпайды. Оның үстіне аударылып кету қаупі де азаяды. Ал, Каспийде толқын көбінесе алдыңнан да, артыңнан да, бүйіріңнен де соғады. Бұл, әсіресе, желкенді қайықтар үшін өте қолайсыз.

Каспий теңізінің бір шеті оңтүстіктегі аңызға желді, аптап ыстықты шөл далаларға сұғына кіріп жатса, екінші шеті көкөрай шалғынды, ну тоғайлы, ылғалды орыс жеріне барып жалғасады. Оңтүстіктен, сонау Африка құрлығы мен араб, парсы жерлерінен аптап аңызға ессе, солтүстіктен салқын самал соғады. Ауадағы екі түрлі ағыс осы Каспий үстінде келіп түйісіп, бірін-бірі жеңісе алмай, ауа райының сәт сайын құбылуына әкеп соқтырады. Дамылсыз дауыл да, шым-шытырық “тәртіпсіз” толқын да, “шымыра” деп аталатын теңіз құйыны да осыдан туады.

Кәрі Каспийдің кесепаттығы сондай — оның “тынышсыз” толқынына осында туып-өскен адамдар болмаса, сырттан келгендердің көбі шыдай алмайтын көрінеді. Мысалға, откен жылы атақты Қара теңіздің өзінен каспийліктерге көмекке келген бір топ балықшы кәрі теңіздің көк жойқын толқындарына төзе алмай, қайтып кетіпті...

Әсіресе, биылғы көктем өте-мөте құбылмалы болды. Теңіздің солтүстік-шығыс бөлегінде ауа райы бұзылып, кенеттен суытып кетті. Теңіз бетінде әйнек тәрізді қабыршақтанып жұқа мұз қата бастады. Гурьев облысы балық аулау колхоздарының қайық-кемелері теңіз тамағындағы¹ Орал-Каспий каналына келіп паналады.

Жоғарыда аталған “Отважный” теплоходы осы кезде басқа кемелермен бірге жаңағы балықшы қайықтарының күзетінде жүрген еді.

* * *

Бұл өзі жүз елу аттық қана күші бар, болат корпусты кішкентай теплоход. Көлденеңі — он, ұзындығы — отыз-

¹ Теңіз тамағы — теңізден озенге шығатын жер.

қырық метрдей. Моторлы-балық аулау басқармасы мен Орал-Каспий тресі оны теңіз үстіндегі кәсіпшілік жағдайын біліп отыру үшін қатынас құралы ретінде пайдаланады.

Теплоходтың капитаны Василий Иванович Черкасов отыздан жаңа ғана асқан, тоғыз жылдық тәжірибесі бар теңізші. Оның орта бойлы шомбал тұлғасынан, орыстан гөрі татарға көбірек ұқсас қарақат көзді, қою қара қасты байсалды жүзінен, асықпай сойлсйтін құлаққа жағымды қоңыр үнінен, салмақты жүріс-тұрысынан — бәрінен де сабырлы адам екендігі, нені болса да байыппен, тап-тұйнақтай етіп ұқыпты істейтіндігі айқын көрініп тұрады. Созға сараң, көбінесе үндемей жүретін болғандықтан тымпиған тұйық адам тәрізді көрінетін.

Ол жонсіз қазымыр қаттылықты жаны сүймейтін, бірақ керек кезінде қатал да, талапшыл да бола алатын, артық сөзі, ағат әдеттері жоқ капитан еді. Мақтануды да, мақтауды да білмейтін. Басқа кейбір капитандар топтасып жинала қалғандарында, бастан кешкен нелер жайларды еспелей айттысып, желбуаз әңгімелерді гулете соққанда бұл үнсіз ғана тыңдайды да отырады. Бейне оның басқалардай бастан кешірген қызықты оқиғалары да, айтар әңгімесі де жоқ секілді. Бірақ талайды көрген көкжал теңізшідей ештемеге де таңданыс білдірмейді.

Кейде капитандардың басы қосыла қалған кездерде олардың ішінен көкмойын қуды көксеген бір-скеу табыла қалатын да, басқалары солардың ұсынысын қуаттап, көңілдірек отыру үшін біраз “тастап” та алатын. Черкасов бұл іске де нағыз “сопының” өзі еді. Ішпеуін былай қойғанның өзінде, ол темекі де тартпайтын. Капитандар қауымы оның бұндай оқшаулануын жақтырмайды.

Черкасовтың елден ерекше тағы да бір қасиеті — оның теңізде болсын, жағада болсын желікпе батырлыққа бара қоймайтындығында. Мысалға, басқа капитандар жұрт көзіне шалыну үшін кемелерін жағаға немесе басқа тұсқа әкеп жақтырарда¹ соған қарай тым қатты жүріспен туралай таяп кеп, шөлке² тастар жер қалғанда ғана жалт бұрылып, жана-са бастайды. Ал Черкасов болса, әр уақытта да өте баяу жүріспен келіп, жайлап жанасады. Өйткені ол жоғарыдағыдай желікпе батыллықтың бірде болмаса бірде апатқа

¹ Жақтыру — жағаға жанамалап тоқтау.

² Шөлке — кемені жағаға не басқа кемеге тіркеп қоятын арқан.

ұшыратуы мүмкін екендігіне кәміл сенеді де, қажетсіз тәу-скелге бармайды.

Мінеки, осындай мінездеріне байланысты көптеген ка-питандар ол туралы “Қолынан түк келмейтін жасық адам, бұдан теңізші шықпас!” — дейтін.

Осы бір пікірлерінің қате екеніне олардың осы көктемде көзі жеткен еді.

Капитанның аға көмекшісі Түсбай Ісмұхамбетов жиыр-ма бес-жиырма алтылардағы жас жігіт. Оның теңіз толқы-нын кешкеніне сегіз жыл болған. Ал, “Отважныйға” келгеніне оншақты-ақ күн. Команда құрамында бұл екеуінен басқа сегіз адам бар. Олар: тұлғасы батырға біткен момын мінезді Олег Игнатъев, басынан қара телпегі түспейтін Гена Зугров (екеуі де бұлқыншы), аппаратын бәйгеге қосатын жүйріктей баптап, қай кезде қандай жағдайда болмасын ха-барласпай қоймайтын радист Саша Гонсев, жайдары да қунақы мінезді механик Юра Зеленко, қыз тәрізді ұялшақ моторист Леша Смыкунов, аузыңнан сілекейіңізді шұбыр-татын төтті тағамдар әзірлейтін Шура апай, адамға көп жұғы-са қоймайтын бұйығы Виктор Слита...

* * *

“Отважный” Орал-Каспий каналының Жайыққа жалға-сатын жерінде тұрған болатын.

Таңертеңгі тамақты ішкеннен кейін Черкасов вахтадағы матростарына тиісті тапсырмаларын берді де, өзінің кішкентай каютасына келіп, кітап оқуға отырды. Ол кітаптың бір-екі бетін де аударып үлгірмеді, жоғарыдан әлдекімнің баспал-дақты тасырлата басып, асығыс түсіп келе жатқан дыбысы естілді. Міне, каюта есігі сықыр етіп ашылды да, қолында бір жапырақ қағазы бар радист Саша кіре берді.

— Василий Иванович, Жазықбаев пен Ақмаевтан радио-грамма. Қазір ғана қабылдадым.

“Отважный” Черкасов нкт Дереву теңізге шығыңыз үтр Туманныйдың маңында екі реюшка мұз қыспағында қалған үтр Көмек көрсетіңіз нкт Жазықбаев Ақмаев”.

...Бас-аяғы жарты сағаттай да уақыт өткен жоқ, түрбасы-ның апандай аузынан қою қара түтінді будақтата шығарған “Отважный” кок толқынды үшкіл кеудесімен қақ жара тіліп, артында көпіршіген ақбурыл із қалдырған күйі — жіті

жүріспен кең каналдан шығып, теңіз тамағына қарай тура тартты. Сәл ғана күштілігі болмаса бұдан ешбір айырмасы жоқ “Горняк” та жоғарыдағыдай бұйрық алған болу керек. Ол да дереу шөлкесін босатып, “Отважныйдың” ізіне түсті. Көп ұзамай екі теплоходтың капитаны да радио арқылы хабарласып, өздерінің бір тапсырмамен келе жатқандарын білісті.

Бірақ, бұл сапарда екі капитанның бірлесіп жұмыс істеулеріне тура келмеді. Рейдке шығып, бірнеше миль¹ жүзгеннен кейін олар Жазықбасевтан жаңа радиogramма алды. Апатқа ұшыраған екі рсюшка аман-есен құтылыпты, енді көмекті де қажет етпейтін көрінеді. “Горняк” өзінің барылдақ сиренасын екі-үш рет ақыртып, “Отважныйға” оң сапар тіледі де, каналға қайтты. Ал қосымша нұсқау алған Черкасов кеме түмсығын норд-вестке² бұрып, Новинскіге қарай тартты. Олар онда колхоз істері бойынша облыс өкілі келгенге дейін моторлы-балық аулау станциясының басқармасына кәсіпшілік жағдайын хабарлап тұруға тиісті еді.

* * *

Бұл кезде Гурьевтен 100 миль қашықтықтағы Новинск ауданынан бастап солтүстік-батысқа қарай күн ашық, жылы болатын.

Астрахань облысы мен Теңіз ауданының балықшылары теңіз үстінде балық аулап жүрген-ді.

Шығыс жақ күлді бадамданып, әлдеқандай күлгін-қызыл түсті түнғиық мөлдір бояуға малынып келеді. Бірте-бірте алаулана түскен таң шапағы. Алқызыл арай. Көз ұшында аспанмен астасып, бұлдырап жатқан көкжиск барған сайын айқындала берді.

Қырмызы аспанның жалқындап, ең алаудай жанып тұрған тұсы кенет өрт жалынына шарпылғандай болып жайнап кетті де, көгілдір кемерден доп-дөңгелек қызыл шоқ көтеріле бастады. Ол жоғарылаған сайын алтындай жалтырап, айнала-сындағы күлгін бояуға шаңқан сары сәулесін құйып, сейілтп барады. Манадан бері керенау қимылмен лықси толқып жатқан қорғасын түстес ауыр толқындарға да жан кіргендей болып, теңіз бетінде күн сәулесі күлім қақты, жарқыл-жүрқыл

¹ Миль — теңіздегі қашықтық олшемі, 1852 метрге тең.

² Норд-вест — солтүстік-батыс.

ойнады. Түнерген теңіз түксиген қабағын жазып, кеудесін керіп, кең тыныстайды, көңілді үнмен сылқ-сылқ күледі.

Түнгі вахтадан кейінгі ұйқыдан әлгінде ояңған Леша Смыкунов осы бір көз тойғысыз көрініске қызықтай қарап ұзақ тұрды. Асылында, ол өзінің жұмыстан қолы бос уақытының көпшілігін теңіз табиғатын тамашалаумен, соның көрікті картиналарын қағаз бетіне бояу арқылы түсірумен өткізетін. Бұл бағыттағы табыстары да жаман емес болатын. Леша, әсіресе, сұрғылт бояумен салуға шебер. Оның әр заттың түсін айқын сезе білетіндігі сондай — сол сүреңсіз сұрғылт бояумен салынған суреттері неше алуан түр-түске құбылып, жан біткендей құлпырып тұратын.

Дегенмен Лешаның осы суретшілік өнерінің ең бір өресі жетпей, шамасы келмей қала беретін жері — теңіздің күшті дауыл кезіндегі кескінін бейнелеу. Бұның салған суреттерінде бірде таудай толқын соншама сұсты болса да, жансыз сияқты көрінеді, ал бірде теңіз бетін бұйра толқындар басып жатса да желсіз, тынық күндегідей әсер қалдырады... Әйтеуір бір жері үнемі жетіспей тұрады.

Сондықтан да Леша теңізге дауылды күндері қарай беруден жалықпайтын еді. Қараған сайын тонналаған ауыр толқындарды аспанға атып, астаң-кестең ететін ғаламат зор күштің бұған дейін ескерусіз қалып келе жатқан жақтарын, жаңа көріністерін ашып, байқай жүреді. Сол көргендерін көз алдында мәңгілік қалдырып, көңіліне түйіп алуға тырысады.

Бірақ бүгін аспан ашық, теңіз беті тыныш. Ұйқыдан тұрған адамның денесін тоңазытып, сергітіп жіберетін желпи соққан салқын самал ғана. Дегенмен асқақ дауылды жаны сүйетін Лешаның өзі де теңіз таңының жаңағы бір тамаша сымбатынан көз айыра алатын емес. Бұл да оның еркін алған көрініс. Суретшілерге тән сезімталдығы бойын билеп алған Леша бұл дүниедегінің бәрін де ұмытып, арайлай атқан алтын таңға сыңғыр-сыңғыр үн қатқан жылтыр өркешті толқындарға, топтана ұшқан күміс шағалаларға, қоз ұшындағы көгілдір кокжиекке ұмсына түсіп, телміре қарап қалыпты...

Міне, сонау батыс жақтан көз ұшында бұлдырай көрінген ақжал толқындардың үстінен түйдектелген қою қара бұлт шығып, өрлей берді. Ол барған сайын зорайып, қанатын жайған қаракүс тәрізденіп өсе түсуде. Бірден-бірге қомақтанып, орасан зор жылдамдықпен жақындап келеді. Біршама

уақыт өткеннен кейін алғашында бір уыстай ғана болып көрінген әлгі бұлт аспан әлеміне кеңінен жайылып, батыс жақты түгелдей қаптап алды. Бұлт басқан аспан уақыт озған сайын түнере түсіп, сұрғылт тартып барады. Манағы самал жел де қатайып деді. Жай ғана лықси жылжып, баяу шұбатылып жатқан толқындар да үлкейіп, біріне-бірі көбік шаша қақтығысып, буырқанып, ашу шақыра бастады.

Түтқиылдан келіп тиіскен ескек желдің алғашқы екпіні түйенің шудасындай желкілдеген, қалың ескен майда шашын желіп козіне түсіргенде теңіз табиғатының өзгеше сұлу құбылысына қызыға қарап, бей-жай қалыпта тұрған Лешаны шошытып оятып жібергендей болды. Тулай бастаған теңізді көргенде Леша қуанып кетті. Неліктен? Теңізшіге дауылдан қауіпті ешнәрсе жоқ. Ендеше Леша неге қуанады? Бәрі де оның баяғы суретшілік сырында, теңіз дауылын көбірек көрсем, сөйтіп оны қағаз бетіне дәлдеп түсірсем деген құштарлығында еді.

Теплоходтың олай-былай теңселе бастағанын сезіп, бортқа соққан толқындардың шуылын естіген Черкасов өзінің кішкентай каютасынан жоғарыға басқышпен көтеріліп, палубаға шыққанда Леша ескек желге төсін төсеп, күлімсіреп тұр еді. Ол қасына келген капитанды алғашында байқамады. Черкасов қолындағы үлкен дүрбісімен көкжиекті шола беріп:

— Қалай, Леша, дауыл тұра ма деймін? Аспанды бұлт қаптап кетіпті ғой, — деді.

— Ия, Василий Иванович, соғады! Тамаша дауыл болады! — деді Смыкунов қуанышты үнмен.

Черкасов оның мұнысына таңдана қарады да:

— Оның несі тамаша? — дегеннен басқа ештеңе айтқан жоқ. Бұл кезде олар бір жерге шоғырлана топтасып, іркестіркес тұрған желкенді қайықтарға жақындап қалған еді. Балықшылар да дауыл болатынын байқап, барлық желкендерін жығып тастады. Сыйдиган діндектер көзге сонадайдан сорайып көрінеді.

“Отважный” үлкен тордың тұрақты кемесіне келіп жақты. Бұлар Теңіз ауданындағы “Жас талап” колхозының балықшылары екен. Сәті түскенде, колхоз бригадирі Қазиев осы стойкада¹ болып шықты. Жел күшеймей тұрып жағдаймен

¹ Стойка — балықшылар қосы

толық танысып алу үшін Черкасов теплоходқа Қазиевті мінгізіп алды да, зәкірде¹ тұрған басқа стойкаларды аралауға кірісті.

Бірақ, олар екі-ақ стойкаға барып үлгірді. Манадан бері күш жинағандай болып, ширыға соғып тұрған есірік жел әбден долданып, дауылға айналды. Күн көзі қара бұлтқа жасырынып, аспан да, су да түнеріп сала берді. Ақ көбігін бұрқырата шапқан ақжал толқындар арыстандай атылып келіп, кішкентай теплоходты мың батпан салмағымен көміп өткенде ортасынан опырып, шыңырау түбіне батырып жібергендей көрінеді.

“Отважный” бірде жалға шығып, бірде екі толқын арасындағы шұңқырға түсіп, өткеншек тепкендей ойнақшып, әзер-мәзер ілгері жылжып келеді. Оқыстан үркіп, едірейе қалған аттың басындай шапшыған көкжойқын дүлейдің төбесіне көтерілгенде судан ажыраған денесі сидиып қалады да, кеменің өзі толқынның ұшар басында иненің жасуындай ғана жерге жабысып тұрғандай көрінеді. Астындағы тіреуі кенет опырылып кеткендей болып, төмен қарай тұмсығымен су сүзе құлай жөнеледі. Құлап келе жатқан кемені келесі бір толқын іліп алып, төбесіне көтереді де, қайтадан лықсытып төмен қарай тастап жібереді. Өстіп олар қақпақыл қаққан қыздарша сылқ-сылқ күліп лақтыра береді, ойната береді...

Черкасов Қазиевты өз стойкасына апарып тастады. Одан әрі біраз ілгерілеп барып, қос зәкірді қабат тастауға мәжбүр болды. Бір жақсысы — зәкірлер теңіз түбіне мықтап жабысса керек долы толқын қанша жұлмаласа да жұлып әкете алмады.

* * *

Дүлей дауылдың толассыз соққанына бір жарым тәулік болды. Әлі де тыным алатын түрі жоқ. Қаршадайларынан теңіз кешіп келе жатқан балықшылар мен бұдан да жойқын талай дауылдарды көрген теңізшілерге бұл да ештеңе емес еді, бірақ толассыз желмен қоса ауа райы да тым суытып кетті де, су бетінде “шәуіш” деп аталатын қойыртпақ пайда бола бастады. Бәрін де осы шәуіш сескендіреді. Температура төмендей берсе, оның тұтасынан мұзға айналып кетуі мүмкін. Ал онда...

¹ Зәкір — якорь

Тоңазыған сорпаның іртік-іртiк майындай болып су бетiнде қалқып жүрген қойыртпақ кешке қарай, шынында да тұтасып, әйнек сияқты жұқа мұзға айнала бастады. Жағаға таяу жерде зәкiр тастап тұрған екі жүзден астам реюшкалар мен стойкаларға ол оте-моте қауiптi едi. Өйткенi желдiң күшiмен көшкен мұз кеме қайықтарды өзiмен бiрге ықтырып апарып қайраңға отырғызады да, ағаш бортқа соғыла-соғыла, ақырында оны пышақпен кескендей етiп қақ ортасынан бөлiп тастайды. Iшке су толады да, қырқылған кеме теңiз түбiне шөгедi.

Сағат сайын жақындап келе жатқан осынау қатердi балықшылар байқады ма, жоқ па? Белгiсiз. Сондықтан оларға тез хабар беру керек едi. Бiрақ қалай? “Отважный” таязда тұрған реюшкаларға жақындай алмайды. Өзiнiң қайраңға отырып қалуы мүмкiн. Жалғыз ғана амал — прожектордың жарығымен хабарлау. Балықшылар бұл белгiнi көре ме, көрсе, түсiне ме? Ол да белгiсiз. Оның үстiне өкiрген суық желдiң өтiнде, аждаһадай ақырған мұзды толқынның астында тұрып прожекторды басқару да оңай жұмыс емес. Шынтуайтқа келсе, бұл iстi жүректi де батыл, сабырлы да төзiмдi адам ғана атқара алады. Кiмге тапсыру керек?

Черкасов бiрер минуттай ойға қалып, командасындағы жiгiттердi бiр бiрлеп iштей коз алдынан өткiзiп шықты да, бұлқыншы Олег Игнатьев пен өзiнiң аға көмекшiсi Түсбай Исмұхамбетовты таңдады.

Олег қандай қиын жағдай болмасын асып-сасуды бiлмейтiн, екі иығына екі кiсi мiнгендей батыр тұлғалы, сабырлы да, салмақты жiгiт. Оның азынаған желге де, мұзды суға да қыңқ демей шыдайтындығына, тапсырманы да тап-тұйнақтай етiп ұқыпты орындайтынына толық сенуге болады.

Түсбайдың “Отважныйға” келгенiне оншақты-ақ күн болса да Черкасовтың тәжiрибелi козi Түсбайдың талдыр-маш денесiнде көптi көрген коне теңiзшiнiң өршiл жүрегi, қайсар жаны бар екенiн бiр қарағаннан байқап та үлгiрген едi. Мұнысын Түсбай келгеннен берi iсiмен де көрсетiп жүр...

Осы түнгi вахта ол скеуiнiң де еш уақытта естерiнен кетпестей болып өттi. Кезекте алдымен Олег тұрды. Түсбай оны түн жарымында келiп ауыстырды. Өршеленген өркеш толқындар рубканың¹ тобесiндегi капитан көпiршесiне дейiн

¹ Рубка — кемеңi басқаратын адамдардың жұмыс iстейтiн кабинетi.

жетіп, өжет жігіттерді теңіз тұңғиығына жұлып әкетпек болады. Төбеден басып, түгелдей көміп өтетін мұзды су плащтың тесік-саңлауларынан мойынға, қойын-қонышқа құйылып, денені інемемен шабақтағандай тітіркендіреді. Кей кездерде ауыз-мұрынды тұмшалай жауып, дем алдырмай, тұншықтырып та тастайды.

Бірақ, олардың екеуі де табиғаттың дүлей күші алдында тізе бүгіп, күйректік көрсете қоймады. Бір қолдарымен капитан көпіршесі қоршауының жақтауынан ұстап, екінші қолдарымен прожекторды бір жағып, бір сөндіріп тапжылмай тұра берді. Ойран-топыр теңіз төскейіндегі қою қараңғылықты қақ жарып, түнек қабырғасын жырта тесіп, ілгері ұмтылған осынау жалғыз сәуле алыстан атой беріп, жол сілтейді. Сұрапыл табиғат дүлейі қаншама ышқынса да, Адам атты алыптың қажырлы қолынан айбынды отты өшіре алмайды. Ол түн түндігін түріп, жана береді, жайнай береді... Таң ата “Отважный” зәкірін көтеріп, мұзы жоқ таза суға қарай бет алды. Өйткені оның түндегі дабылын қабылдаған балықшылар түгелдей тереңге кетіп үлгерген еді.

* * *

Онсыз да алай-түлей болып тұрған күн райы түс кезінде мүлдем бұзылды. Жапалақтап қар жауып, ақтүтек боран соғып, айналаның әлем-тапырығы шықты. Ери жауған жапалақ-жапалақ қар ұлпалары рубка терезелеріне ақ пердедей тұтылып, сыртқа шыққан адамның қас-кірпігіне қонып, бес-алты метрден арғы жерді көрсетпейді. Мұндай жағдайда бір метр де ілгері жылжу — апатқа қарай атталған адыммен тең. Өйткені, теплоход қайраңға отырып басқа бір кемеге соқтығысып қалуы мүмкін. Сондықтан да амалсыз зәкір тастауға тура келеді.

Өнебойы жұмыс істеп, еңбек етуді күнделікті дағдысына, қажетіне айналдырған адамның құр босқа қарап отырғанда екі қолы алдына сыймайды емес пе? “Отважныйдың” командасы да, Черкасов та дәл осындай жағдайға душар болды. Олар түстен кейін түк бітірген жоқ. Сол зәкір тастаған орындарында тапжылмай тұрды да қойды.

Әсіресе, Черкасов не істерін білмей тықыршып жүр. Палубаға қырық шығып, қырық түсті. Қар әлі жауып тұр. Оның үстіне ұйтқыған боран да басылар емес. Теплоход-

тың түмсығынан ары түк көрінбейді. Не істеу керек? Бұлардың өзін қойшы: қар басылғанша тұра береді. Тамақ қоры да, жағармай да әзірге жеткілікті. Черкасовтың қабырғасына кешегі балықшылардың жағдайы қатты батады. Олар қазір қайда екен? Не күйде жүр? Мүмкін мынандай аласапыранда адасып кеткен шығар? Әлде... жоқ, олай болуы мүмкін емес! Жаманатқа жори алмайды. Алайда не істеу керек?! Не?! Жіпсіз байланып, екі қолдан бірдей күрмеліп отырғаны мынау. Дауыл құрғыры толас алмаса да алдын көрсетпей, көзсіз қалдырып отырған мына ақ құйын тоқтар ма еді, әттең!..

* * *

Қар қараңғы түсе ғана тоқтады. Бірақ, кеш еді. “Отважный” балықшыларды іздеуге шыға алмады. Толқын әлі басылған жоқ. Суық барған сайын қатайып келеді. Теңіз бетіндегі қойыртпақ “шәуіш” — тұтасқан мұзға айнала бастады.

Түн ортасы ауа бергенде кеме үстіне аспаннан құлай қонған өлдебір кішкене қара құстар толып кетті. Бұлар қараторғайлар еді. Шыр-шыр етіп шырылдасып, қонып жатыр, қонып жатыр. Бәрі де үйме-жүйме болысып, жылы жерге жемге таласқандай ұмтылады.

Ешкім де ұйықтамаған. Осынау бір ерекше де ғажап жаңалықты алдымен вахтада тұрғандардан есітіп, сонан соң бірінен-бірі хабарланған жігіттер үстеріне шолақ күртелерін жамыла-жамыла салып, жүгіріп палубаға шықты. Құжынаған қараторғайлардың кейбір батылдары ашылған есіктерден шыққан жылы лепті сезіп, матрос кубригі мен салонға сып беріп кіріп те кетті. Ал қалғандары рубканы, люктерді, түтін трубасын, палубаны, бакты жағалай қонып алып, тапжылмай отыр. Қастарына барып, қолға алса да қыбыр етер емес. Қанат-құйрықтарын, мойын мен жота жүндерін мұз басып, сіреуленіп қатып қалыпты. Байғұстардың, адамнан қорқу тұрмақ, қозғалуға да мұршалары жоқ. Дүлей табиғаттың аяз қары аралас сұрапылынан тығылар, паналар жері жоқ теңіз үстінде кездесіп, онсыз да талмаусыраған әлсіз қанаттарына мұз қатып, титықтаған бишаралар кеме оттарын көріп, Адамнан араша сұрай келген тәрізді. Кімді де болса толғандар, аянышты көрініс еді бұл!

Ауыр тыныштық бір-екі минуттай ғана созылды. Сонан соң жігіттер бұрыннан келісіп қойған адамдардай-ақ, ешкім ештеме айтпастан, бір кісідей жұмылып іске кірісті. Олар бүрісіп отырған торғайларды қойындарына, бас киімдеріне толтыра-толтыра салып алып, кубрик пен салонның жылы бөлмелеріне әкеп кіргізе бастады. Жылыға кірген соң мұздары еріп, жан шақырған мақұлықтар адамдарға жаутандай қарап, мың мәрте алғыстарын білдіргендей өздерінің түсініксіз “тілінде” шырылдай, сайрай жөнелді.

— Байғұстар-ай, — деп күрсіне үн қатты механиктің көмекшісі Виктор Слита, — құс екеш құстың да қанаты талып, мынадай күйге ұшырағанда біздің күйіміз не болмақ? Мына түн қандай қорқынышты еді! Бір пәлеге ұшырай қалсақ, кім құтқарады?

— Не айтып тұрсың өзін? — Анау-мынауға ашу шақыра қоймайтын Черкасовтың сабырлы жүзіне қан ойнап шыға келді. Слитаның оңменінен өте оқтай қадалған қара көздерінен от шашып тұр. Әдеттегі майда лебізді қоңыр дауысы да бұл жолы қатқыл шықты. “Құс екеш құс та... біздің күніміз не болмақ?” Ұялсаңшы осындай сөзді айтудан? Не боп қалды соншалық? Су түбіне батып барамыз ба? Жоқ, жолдастар, бұл жарамайды. Біз адам емеспіз бе?! Адам болғандықтан нендей қиындық болса да жеңуге тиіспіз. Құстар да бізді адам болғандықтан паналап кеп отыр. Мынандай қиыншылықтарға төзе алмайтын, оларды жеңе алмайтын болсақ, несіне адам, несіне теңізші атанамыз?! Ал, сен, Слита, қайдағы бір құлаққа қонбайтын нәрсені айтасың. Сонда оңиді құстан гөрі қауқарсыз, дәрменсіз санайсың ба? Болмайды мұның, жігітім, болмайды. Тіреспей жатып тізе бұгу — қорқақтың ісі. Ал қорқақтың күні қараң. Ол суға түсерде өз мойнына өзі тас байлаған адаммен тең. Теңіз түбіне тоқтаусыз кетеді... Ендігәрі мұндай сөздеріңді естімейтін болайын. Жалғыз Слита емес, бәріңе де айтарым осы...

Жігіттер капитан сөзін үнсіз ғана тындап, іштей қостап тұр. Тек Слитаның жүзінде ғана иланбаушылық нышаны, әлдебір қобалжу мен үрей ізі бар.

* * *

Түнгі сағат 2 шамасында тұтаса қатқан мұз батыстан шығысқа көше бастады. Мұндай жағдайда зәкір тастап, бір орында тұру мүмкін емес. Өйткені мұз көпірі не зәкірді

жұлып әкестеді, не кеменің корпусын қиратып, апатқа ұшыратады. Сондықтан мұз көшіне ілесіп, ыға беруден басқа амал жоқ.

Таң ата “Отважный” ығуды тоқтатып, жағаға қарай бет алды. Сол маңайдағы таязда бір топ балықшы қайықтары ығып жүрген еді. Тезірек барып, тереңге шығармаса болмайды. Өйткені мұз таязда жүрген кемені қайраңға апарып отырғызады да, қырқып кетеді.

“Отважный” алға қарай өрең жылжып келеді. Мұз көшкіні кішкентай теплоходтың алдын әлсін-әлсін бөгей береді. Жалпия созылып жатқан үлкендерін айналып өтсе, кішіректерін түмсықпен соғып қиратып, жол ашып келеді. Әрбір метр оңайлықпен берісер емес.

Сеңмен соғысып, толқынмен тіресіп ілгері ұмтылған қайсар теплоходтың мұз құшағынан алғашқы алып шыққаны 3 стойка мен 1 рсюшка болды. Тортеуінде жиырма бір балықшы бар еді...

“Новая жизнь” колхозының 7 қайығы кешегі дауыл кезінде бір жерде тұрған болатын. Түнде мұз көше бастаған кезде де олар жұбын жазбастан, топтаса ықты. Таң ата мұз аумағы кобейіп, олардың қыспағы да күшейіп кетті. Әжептәуір үп-үлкен қайықтардың қалың тактайдан жасалған мықты борттарына жел екпінімен жоңкіліп келіп, тарс соғылғанда мұз сатыр-сұтыр сынады да, қайықты сығып жіберетіндей болып сықырлата түседі. Әйтеуір бір тәуірі әлі қайраң кездескен жоқ.

Бірақ көп ұзамай-ақ қатерлі қауіп тонейін деді. Анығырақ айтқанда, сол қауіп кенеттен жылт етіп шыға келіп, жұрттың жүрегін мұздатын, суық құшағына құшуға айналды. Ең шеткі екі стойка қайраңға тірелді де, мұз қыспағына төтеп бере алмай, жұрттың қоз алдында қақ орталарынан қажалып, қырқыла бастады. Ақ шүберектей бозарып кеткен беттерінде бір тамшы да қан қалмаған балықшылар басқа қайықтарға түгелдей ауысып үлгермеді, темірдей берік пышақтай өткір құрсауға түскен стойкалар біртүрлі сықырлап, шиқылдап барып быт-шыт болып қирады да, біртіндеп суға бата берді. Олардың орнында бірінің үстіне бірі шыққан мұз үйіндісі ғана қалды. Біраздан соң ол да жоғалып, қатыгез теңіз түк көрмегенсіп жата берді. Жұрт соңында қалып секіре жүріп, суға да малшынып, жанындағы қайыққа әзер жетті. Сәл

кешіккендерінде стойкалармен бірге су түбіне кетіп-ақ қалатын еді.

Алайда қалған бес қайықтағы адамдардың өміріне төнген ажал ызбары бұрынғысынан айқын сезіліп, жақындай түспесе, алыстамаған еді. Мейірімсіз мұз көпірі оларды жаңағы екі стойканы жұтқан қайраңға қарай ақырын ғана ықтырып келді. Жиырма адам бір-бірімен үнсіз ғана қоштасып, ақтық демдерін іштеріне алып тұр.

Дәл осы кезде әлдекімнің толқын шуылы мен мұз сықырының тұлабойды тітіркендірген азапты дыбысын бұза шыққан қуанышты айғайы саңқ ете түсті.

— Кеме!!! Қараңдар, кеме!...

Мойындарына су кеткендей болып, молиіп тұрған жұрт бастарын бір кісідей жалт бұрып, көз ұшында, алыста келе жатқан кішкентай кемеңі көрді. Ауыздарынан “Уһ!” деген күрсініс те қатар шықты. Бірі күліп, бірі жылап, бірі бас киімдерін аспанға атып жатыр...

У-шу, азан-қазан.

Осы жұрттың арасында колхоз председателінің орынбасары Кондратов та бар еді. Ол дүрбісін алып қарап жіберді де, келе жатқан кемеңің “Отважный” екенін жазуы көрінбесе де нобайынан таныды. Теплоходтың үлкен қиындықпен әрең жылжып келе жатқанын да көрді ол. Осы жай шошындырады. Көмек пе, жоқ әлде өлім бе? “Отважный” ма, қайраң ба? Қайсысы бұрын жетеді? Екеуі де жақындап келеді, әсіресе, қайраң таяу қалған сияқты.

Екі арада үш-төрт метрдей қалғанда “Отважный” балықшылардың қатерлі хал-жағдайларын анық байқап жүрісін арттыра түсті. Сәті келгенде оның алдындағы үлкен мұздар да азайып, жол едәуір тазарды.

Қайраңға тағы да бір қайық тірелді. Бірақ, бұл кезде “Отважный” да жетіп үлгірген еді...

Қатерлі жағдайды көргеннен кейін Черкасов бірер минуттай ғана ойланып қалды. Не істеу керек? Қайықтарды тіркеуге алып, сүйретіп әкету мүмкін емес. Мұз бұрынғысынан бетер тұтасып, көбейіп кетті.

“Отважный” он бес-ақ адамдық кеме. Көлемі де, қуаттылығы да, құтқару құралдары да осы шамаға ғана жетеді. Балықшыларды өз бортында қабылдағанмен жолшыбай бір пәлеге ұшырай қалса қайтеді? Бірақ оларды анық өлімге